ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
«Жаңақорған ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Жаңақорған кенті 31.07.2026 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау обьектісі болып «Жаңақорған ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Бөлім)* қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы№ 12 бұйрығымен бекітілгенСыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды бөлімнің 2026 жылғы 27маусымдағы №_____ бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Рахымжанов МахмутСекентайұлы		аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы, жұмысшы топ жетекшісі
Мырзабаева Назерке Ниязқызы		аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бас маманы, жұмысшы топ мүшесі
Ибрагимова Айнакул Абдуапқызы		аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бас маманы, жұмысшы топ мүшесі
Әбдіхан Сұлушаш Әбдіқадырқызы		аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің әдіскері, жұмысшы топ мүшесі
Ахметов Сүндет Серікұлы		аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің әдіскері, жұмысшы топ мүшесі
Сабырханов Болат Тұтқабайұлы		Спорт клубының директоры, жұмысшы топ мүшесі
Амантаева Жадыра Асанаәліқызы		аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің іс-жүргізуші, жұмысшы топтың хатшысы;

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау **2026 жылдың 01– 31 шілде** күндері аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен **2025 жылдың 31 мамырынан 2026 жылдың 31шілде** аралығындағы кезең қамтылды (*Жаңақорған ауданы әкімдігінің 23 ақпан 2024 жылғы №28 қаулысы)*

6. Бөлімнің басшысы М.Рахымжанов топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

І.Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде*(бұдан әрі қарай - НҚА)* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2)Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

ІІ. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Бөлім өз құзыреті шегінде аудан бойынша дене тәрбиесі, спорт және туризм саласына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де НҚА-ға сондай-ақ, мекеменің Ережесіне сәйкес іске асырады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Б.Байкенжеев көшесі, №6 үй, индекс 120300.

ІІІ. Бөлімнің қызметіне, оны ұйымдастыру - басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлім өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Бөлім қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы;
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңы;
- «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V Заңы;

- «Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а 2014 жылғы 28 қазандағы №56 бұйрығы;

- «Инвестициялартуралы» ҚазақстанРеспубликасының Заңы;

- «Туристікқызметтуралы» ҚазақстанРеспубликасындағыЗаңы;

- Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын спорттық іс-шараларға, оның ішінде дене шынықтыру – спортұйымдары үшін оқу-жаттығу жиындарына бөлінетін ақша қаражатын жұмсау қағидаларына бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №100 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығы;

- «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығы;

- «Бюджеттік бағдарламаларды «кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығы;

- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;

- «Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 40 бұйрығы;

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтарды анықтады:

Бірінші:Нормативтік құқықтық актілерде зерделеу барысында бөлімнің ұйымдастыру қызметіне қатысты бір мәселе анықталды.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 97-бабының 2-тармағына сәйкес жалақы сақталмайтын демалыстың ұзақтығы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша айқындалады.

Бұл ретте, уәкілетті адам жалақы сақталмайтын демалыс беру барысында демалыс алушы қызметкерлерге дамалыстың ұзақтығын таңдаулы түрде жүргізу арқылы мемлекеттік қызметшілер арасындағы артықшылық туындатуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызады.

ҰСЫНЫМ: Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 97-бабының 2 – тармағына жалақы сақталмайтын демалыстың ұзақтығын демалыс алған күнтізбелік күннен бастап кем дегенде алты ай мерзім болып белгіленуіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет деп ұсынамыз.

IV. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадрлық құрам бойынша: Жаңақорған ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризмбөлімінің құрылымын, штат санын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудан әкімі бекітеді.

Бөлім бойынша барлық жұмыскерлердің саны – 12, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер саны – 3, штаттан тыс қызметкерлер – 9, 1 штат бірлігісімен (көлік жүргізушісі) - бос.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

31.05.**2025 – 31.07.2026 жылдардың** аралығындағы бөлім қызметкерлерінің тәртіптік жазалары жоқ.

Қазіргі таңда Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, бөлім қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

31.05.**2025 –31.07.2026 жыл** аралығында бөлімде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі.

Жаңақорған ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайласжемқорлықтәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Бөлім басшысы	Тәртіптік теріс қылықтың түрін анықтау	Қазақстан республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 97-бабының 2-тармағына сәйкес, жалақы сақталмайтын демалыстың ұзақтығы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша айқындалсын. Бұл ретте, уәкілетті адам жалақы сақталмайтын демалыс беру барысында демалыс алушы қызметкерлерге демалыстың ұзақтығын таңдаулы түрде жүргізу арқылы мемлекеттік қызметшілер	орташа

		арасында артықшылық туындатуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызады.	

V. Мүдделерқақтығысынреттеубағытыбойынша:

Мемлекеттік қызметшілер арасында мүдделер қақтығысы орыналмаған. Кадрлық қамтамасыз ету қызметінде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін фактілер орын алған жоқ.

VI. Мемлекеттікқызметтеркөрсетубағытыбойынша:

Бөлім бойынша 1 мемлекеттік қызметкөрсетілуде. Атап айтқанда: спортшыларға - 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы. 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3- жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

- біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санаттағы әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

Есепті кезеңде бөліммен көрсетілген мемлекеттік қызмет кезінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері бұзылу жағдайы орын алмаған. Мемлекеттік қызметті алушылар мен арыз-шағымдаркелтірілмеген. Сондай-ақ, бөліммен көрсетілген мемлекеттік қызметтер кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл туралы заңының талаптарын бұзылуына ықпал ететін фактілері орын алынбаған.

Көрсетілген қызметтерге сәйкес, жеке және заңды тұлғалардан арыз немесе өтініштер түспеген. Осы ретте, қызмет көрсету барысында құжаттарға және ақпараттық жүйелерде қызмет көрсету бойынша кемшіліктер жоқ.

VII. Рұқсат беру функцияларына қатысты:

Бөлімде тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

VIII. Бақылауфункцияларыніскеасырубағытыбойынша:

Бөлімде бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

IX. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бөлімнің және бөлімге қарасты мекемелердің 31.05.**2025 – 31.07.2026 жылдарына** арналған қаражаттары толығымен жыл соңына дейін 100% пайызға игерілген.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлімде «Е-Өтініш», «Е-Архив», «Е-Қызмет», «Еңбек.кз» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

XI. Талдау обьектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Бөлімнің жеке қабылдау кестесі Б.Байкенжеев көшесі №6 мекен жайында орналасқан орталық стадион аумағында орналасқан, ғимаратының ішінде көпшілікке көрінетін жерге ілініп, арыз-шағымдарға арналған пошта жәшігі орналасқан.

2025 жылдың 1 маусымынан – 2026 жылдың 31 шілде аралығына дейін бөлімге жеке және заңды тұлғалардан ***6 ұсыныс, 1 басқа хабарламалар*** келіп түскен. Барлық ұсыныстар мен өтініш, хабарламалар заңнамамен көзделген мерзімдерінде жауаптары берілді.

(*Жаңақорған ауданы әкімдігінің 23 ақпан 2024 жылғы №28 қаулысы)*

Бөлімге қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік Рәсімдік-Процестік Кодексіне» сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талаптарын бұзушылықтар орын алмаған.

Талдау нәтижесінде бөлімнің қызметінде қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша **ҰСЫНЫМДАР:**

Қазақстан республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 97-бабының 2- тармағына жалақы сақталмайтын демалыстың ұзақтығын демалыс алған күнтізбелік күннен бастап кем дегенде алты ай мерзім болып белгіленуіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс хаттар жолдау.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құру.

«КЕЛІСІЛДІ»
Жұмыс тобы мүшелері

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің, бас маманы топ мүшесі; **Н. Мырзабаева**

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің, бас мамаеы, топ мүшесі; **А. Ибрагимова**

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің әдіскері, топ мүшесі; **С. Әбдіхан**

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің, әдіскері, топ мүшесі; **С.Ахметов**

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің клубының директоры, топ мүшесі. **Б. Сабырханов**

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің Іс жүргізушісі, хатшы; **Ж. Амантаева**

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы, топ жетекшісі **М. Рахымжанов**